

2018-2020 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 17-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда № 5008 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 30-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 28.03.2019 № 30-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған қалалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға арналған бюджет мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 32 409 366 мың теңге:

салықтық түсімдер – 20 101 417 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 209 298 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2 707 779 мың теңге;

трансферттер түсімі – 9 390 872 мың теңге;

2) шығындар – 33 562 501 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 6 406 444 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 6 406 444 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -7 559 579 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 7 559 579 мың теңге:

қарыздар түсімі – 6 406 444 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 1 375 221 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 528 356 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 14.12.2018 № 27-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2018 жылға арналған қалалық бюджет түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 қарашадағы "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы №15-2 "2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" (Батыс Қазақстан облыстық әділет департаментінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда №4984 болып тіркелген) шешіміне және осы шешімнің 4,5 тармақтарына сәйкес қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасының "2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабы басшылыққа алынсын.

4. 2018 жылға арналған облыстық мәслихатпен белгіленген кірістерді бөлу нормативі төмендегі кіші сыныптар кірістері бойынша есептелсін:

- 1) жеке табыс салығының қалалық бюджетке бөлінетін мөлшері – 69,2%;
- 2) әлеуметтік салықтың қалалық бюджетке бөлінетін мөлшері – 69,2%.

5. Жергілікті атқарушы органдарға қарасты мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер мен тауарларды өткізуден түсетін ақшалар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен белгіленген тәртіпте пайдаланылады.

6. 2018 жылға арналған қалалық бюджетте жоғары тұрған бюджеттерден бөлінетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің қарастырылғаны ескерілсін:

республикалық бюджеттен жалпы сомасы 4 662 743 мың теңге:

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге – 4 405 мың теңге;

жалақыны ішінара субсидиялауға – 5 806 мың теңге;

жастар практикасына – 29 163 мың теңге;

"Инватакси" қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру – 5 864 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту – 93 425 мың теңге;

ымдау тілі маманының қызмет көрсетуге – 22 784 мың теңге;

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге – 45 731 мың теңге;

атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 68 511 мың теңге;

үй жағдайында және жартылай стационар жағдайында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету – 22 289 мың теңге;

тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету – 8 462 мың теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге – 6 844 мың теңге;

оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 9 051 мың теңге;

тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 30 732 мың теңге;

мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға – 392 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға – 1 636 536 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға – 1 913 036 мың теңге;

жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беруге – 481 мың теңге;

жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге – 690 782 мың теңге;

ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге – 68 449 мың теңге;

облыстық бюджеттен жалпы сомасы 4 728 129 мың теңге:

жаңа оқу бағдарламаларының енуіне және жаңа оқулықтар шығуына байланысты оқулықтар сатып алуға – 785 212 мың теңге;

облыстық мектептерге жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқушыларды оқыту үшін жиынтықтағы компьютер сатып алуға – 9 900 мың теңге;

"Білім беруге интерактивті құралдар. Мұғалімге қажетті технологиялар" тренингіне мұғалімдерді жолдауға және "Академия" педагогикалық шеберлік виртуалды лабораториясы" білім берудегі онлайн порталына жазылуға – 7 425 мың теңге;

шағын жинақталған мектептерге Bilimbook компьютер-трансформер контентін сатып алуға – 2 200 мың теңге;

Орал қаласының білім беру бөлімінің "№19 орта жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратын күрделі жөндеуге – 200 473 мың теңге;

"Инватакси" қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – 25 164 мың теңге;

жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға – 26 504 мың теңге;

жастар практикасына – 35 380 мың теңге;

автомобиль жолдарды және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге – 1 304 156 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға – 370 636 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға – 453 559 мың теңге;

қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға – 497 225 мың теңге;

спорт объектілерін дамытуға – 219 587 мың теңге;

көлік инфрақұрылымын дамыту – 27 250 мың теңге;

қуаты 25 МВА трансформатор сатып алуға – 163 710 мың теңге;

аула аумағын абаттандыруға – 432 587 мың теңге;

жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беруге – 481 мың теңге;

жұмысқа орналастыру бойынша жеке агенттіктерге – 811 мың теңге;

Зачаган кенті Сарытау шағынауданында 900 орындық жаңа орта жалпы білім беретін мектепті ұстауға – 59 922 мың теңге;

облыс мектептерінде информациялық-технологиялық сыныптар ашуға – 3 320 мың теңге;

Орал қаласының №44 мектеп-гимназиясына "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын бөлуге – 22 627 мың теңге;

Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің күрделі шығыстарына – 80 000 мың теңге;

бюджеттік кредиттер жалпы сомасы 6 406 444 мың теңге:

жылу, сумен жабдықтауға және су бұру жүйелерін реконструкциялауға, құрылысқа – 1 487 407 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға – 4 919 037 мың теңге.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 14.12.2018 № 27-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. 2018 жылға арналған қалалық бюджетте заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер жалпы сомасы 779 812 мың теңге көлемінде қарастырылғаны ескерілсін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 24.10.2018 № 26-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

7-1. 2018 жылға арналған қалалық бюджетте 28 604 мың теңге сомасындағы нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтарылғаны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 7-1-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 30.03.2018 № 20-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

7-2. 2018 жылға арналған қалалық бюджетте кенттік бюджеттерге облыстық және қалалық бюджеттер қаражат есебінен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 110 967 мың теңге көлемінде қарастырылғаны ескерілсін.

Аталған сомаларды кенттік бюджеттерге бөлу Орал қаласы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Шешім 7-2-тармақпен толықтырылды – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 30.03.2018 № 20-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 14.12.2018 № 27-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Жылдар бойынша бөлінген абсолютті көріністегі 2018-2020 жылдарға арналған қалалық бюджеттен кенттік, селолық округ бюджеттеріне берілетін субвенция көлемдері белгіленсін:

- 1) 2018 жылға 129 789 мың теңге сомада, оның ішінде:
Круглоозерный кенті – 70 084 мың теңге;
Желаев селолық округі – 59 705 мың теңге;
- 2) 2019 жылға 272 508 мың теңге сомада, оның ішінде:
Зашаған кенті – 120 708 мың теңге;
Круглоозерный кенті – 85 479 мың теңге;
Желаев селолық округі – 66 321 мың теңге;
- 3) 2020 жылға 291 955 мың теңге сомада, оның ішінде:
Зашаған кенті – 128 263 мың теңге;
Круглоозерный кенті – 91 436 мың теңге;
Желаев селолық округі – 72 256 мың теңге;

9. 2018 жылға арналған қалалық бюджетке төмен тұрған бюджеттерден бюджеттік алымдар қарастырылмайды деп белгіленсін.

10. 2018 жылға арналған жергілікті атқарушы органдарының резерві – 10 976 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 14.12.2018 № 27-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесіне ауылдық жерлерде қызмет ететін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне осы қызмет түрлерімен қалада айналысатын азаматтық қызметшілердің ставкаларымен салыстырғанда лауазымдық жалақыларын 25%-ға көтеру белгіленсін.

12. 2018 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқару үдерісінде секвестрлендіруге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Орал қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларына әр тоқсан сайын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есебін тыңдау жүктелсін.

14. Орал қалалық мәслихаты аппаратының басшысы (С.Давлетов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

15. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы міндетін атқарушы

Мәслихат хатшысы

А. Әубекеров

А. Әубекеров

Орал қалалық мәслихатының
2017 жылғы 15 желтоқсандағы
№17-3 шешіміне
1-қосымша

2018 жылға арналған қалалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 14.12.2018 № 27-2 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

| | | | | мың теңге |
|-------------|--|--|-------------------|---------------|
| Санаты | | | | Сомасы |
| Сыныбы | | | | |
| Ішкі сыныбы | | | | |
| Ерекшелігі | | | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 1) Кірістер | 32 409 366 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 20 101 417 |

| | | | |
|----|----|--|--------------|
| 01 | | Табыс салығы | 8 486 114 |
| | 2 | Жеке табыс салығы | 8 486 114 |
| 03 | | Әлеуметтік салық | 6 930 583 |
| | 1 | Әлеуметтік салық | 6 930 583 |
| 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 2 935 218 |
| | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 1 832 556 |
| | 3 | Жер салығы | 102 524 |
| | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 999 989 |
| | 5 | Бірыңғай жер салығы | 149 |
| 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1 248 093 |
| | 2 | Акциздер | 366 617 |
| | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 69 000 |
| | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 762 721 |
| | 5 | Ойын бизнесіне салық | 49 755 |
| 08 | | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 501 409 |
| | 1 | Мемлекеттік баж | 501 409 |
| 2 | | Салықтық емес түсімдер | 209 298 |
| | 01 | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 123 441 |
| | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 121 320 |
| | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 871 |
| | 9 | Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер | 1 250 |
| | 03 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акша түсімдері | 70 |
| | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акша түсімдері | 70 |
| | 06 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 85 787 |
| | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 85 787 |
| 3 | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 2 707 779 |
| | 01 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2 121 374 |
| | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2 121 374 |
| | 03 | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 586 405 |
| | 1 | Жерді сату | 436 405 |
| | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 150 000 |

| | | | | |
|-------------------|-------------------------------------|-----|---|---------------|
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 9 390 872 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 9 390 872 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 9 390 872 |
| Функционалдық топ | | | | |
| | Функционалдық кіші топ | | | Сомасы |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | Бюджеттік бағдарлама | | | |
| | Кіші бағдарлама | | | |
| | Атауы | | | |
| | | | 2) Шығындар | 33 562 501 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 337 988 |
| | 1 | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 211 806 |
| | | 112 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 20 665 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 20 665 |
| | | 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 191 141 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 162 755 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 28 386 |
| | 2 | | Қаржылық қызмет | 86 003 |
| | | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 86 003 |
| | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 41 207 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 11 804 |
| | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 32 992 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 0 |
| | 5 | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 40 179 |
| | | 453 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 40 179 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 38 688 |
| | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 1 491 |
| 02 | | | Қорғаныс | 39 444 |
| | 1 | | Әскери мұқтаждар | 36 404 |
| | | 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 36 404 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 36 404 |
| | 2 | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 3 040 |

| | | | |
|----|-----|--|---------------|
| | 122 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 3 040 |
| | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 3 040 |
| | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 0 |
| 03 | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 394 225 |
| 9 | | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы өзге де қызметтер | 394 225 |
| | 485 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 369 208 |
| | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 369 208 |
| | 499 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі | 25 017 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 25 017 |
| 04 | | Білім беру | 16 472 440 |
| 1 | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 3 600 872 |
| | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 3 600 872 |
| | 009 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 2 341 132 |
| | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 1 259 740 |
| 2 | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 11 136 305 |
| | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 11 011 384 |
| | 003 | Жалпы білім беру | 10 212 222 |
| | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 799 162 |
| | 465 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 124 921 |
| | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 124 921 |
| 9 | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 1 735 263 |
| | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1 735 263 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 68 635 |
| | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 948 585 |
| | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 2 441 |
| | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі | 77 937 |

| | | | | |
|----|---|-----|---|-----------|
| | | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 1 955 |
| | | 023 | Әдістемелік жұмыс | 25 241 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 607 180 |
| | | 068 | Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету | 3 289 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1 838 908 |
| | 1 | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 153 133 |
| | | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 104 243 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 104 243 |
| | | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 48 890 |
| | | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 48 890 |
| | 2 | | Әлеуметтік көмек | 1 465 075 |
| | | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 1 465 075 |
| | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 238 390 |
| | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 61 300 |
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 351 999 |
| | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 24 773 |
| | | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу | 95 359 |
| | | 015 | Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы | 192 570 |
| | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 411 681 |
| | | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету | 89 003 |
| | 9 | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 220 700 |
| | | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 220 308 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 84 217 |
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 2 633 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру | 64 282 |
| | | 054 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 45 865 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 23 311 |

| | | | |
|----|-----|--|--------------|
| | 485 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 392 |
| | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру | 392 |
| 07 | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 8 653 310 |
| 1 | | Тұрғын үй шаруашылығы | 4 854 266 |
| | 467 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 4 460 858 |
| | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 2 020 438 |
| | 004 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 2 440 420 |
| | 487 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 393 408 |
| | 001 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер | 111 434 |
| | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 116 127 |
| | 005 | Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру | 52 424 |
| | 010 | Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау | 6 500 |
| | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 4 513 |
| | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 102 410 |
| 2 | | Коммуналдық шаруашылық | 503 259 |
| | 467 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 501 610 |
| | 005 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 200 |
| | 006 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 0 |
| | 007 | Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту | 501 410 |
| | 487 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 1 649 |
| | 028 | Коммуналдық шаруашылықты дамыту | 698 |
| | 029 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту | 951 |
| 3 | | Елді-мекендерді абаттандыру | 3 295 785 |
| | 487 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 3 295 785 |
| | 017 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 1 886 865 |
| | 025 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 810 164 |
| | 030 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 597 393 |
| | 031 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 1 363 |
| 08 | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 1 274 312 |

| | | | |
|----|-----|---|---------|
| 1 | | Мәдениет саласындағы қызмет | 570 810 |
| | 455 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 570 810 |
| | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 570 810 |
| 2 | | Спорт | 410 606 |
| | 465 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 191 019 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 9 856 |
| | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту | 112 003 |
| | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 41 254 |
| | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 27 906 |
| | 467 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 219 587 |
| | 008 | Спорт объектілерін дамыту | 219 587 |
| 3 | | Ақпараттық кеңістік | 200 351 |
| | 455 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 140 277 |
| | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 137 042 |
| | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 3 235 |
| | 456 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 60 074 |
| | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 60 074 |
| 9 | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 92 545 |
| | 455 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 16 808 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 16 181 |
| | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 627 |
| | 456 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 75 737 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 36 062 |
| | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 31 932 |
| | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 7 743 |
| 10 | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 105 599 |
| | 1 | Ауыл шаруашылығы | 76 200 |
| | 462 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі | 14 594 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 13 821 |
| | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 240 |
| | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 533 |

| | | | |
|----|-----|--|-----------|
| | 473 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі | 61 606 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 22 527 |
| | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 28 286 |
| | 011 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 10 674 |
| | 047 | Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 119 |
| 6 | | Жер қатынастары | 29 399 |
| | 463 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 29 399 |
| | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 24 849 |
| | 006 | Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру | 0 |
| | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 550 |
| 11 | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 197 742 |
| 2 | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 197 742 |
| | 467 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 71 224 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 41 934 |
| | 017 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 29 290 |
| | 468 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі | 126 518 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 53 484 |
| | 003 | Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 73 034 |
| | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 0 |
| 12 | | Көлік және коммуникация | 3 109 880 |
| 1 | | Автомобиль көлігі | 2 763 008 |
| | 485 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2 763 008 |
| | 022 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 170 435 |
| | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 420 000 |
| | 045 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 2 172 573 |
| 9 | | Көлік және коммуникациялар саласындағы басқа да қызметтер | 346 872 |
| | 485 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 346 872 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 40 393 |
| | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 0 |

| | | | | |
|----|---|-----|---|--------------|
| | | 024 | Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру | 5 400 |
| | | 037 | Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 188 953 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 112 126 |
| 13 | | | Басқалар | 189 007 |
| | 3 | | Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау | 20 674 |
| | | 469 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі | 20 674 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 16 322 |
| | | 003 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 4 352 |
| | 9 | | Басқалар | 168 333 |
| | | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 10 976 |
| | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 10 976 |
| | | 453 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 33 655 |
| | | 003 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 33 655 |
| | | 487 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 123 702 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 123 702 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 11 443 |
| | 1 | | Борышқа қызмет көрсету | 11 443 |
| | | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 11 443 |
| | | 013 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 11 443 |
| 15 | | | Трансферттер | 938 203 |
| | 1 | | Трансферттер | 938 203 |
| | | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 938 203 |
| | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 28 602 |
| | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 779 812 |
| | | 038 | Субвенциялар | 129 789 |
| | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 6 406 444 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 6 406 444 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 6 406 444 |
| | 1 | | Тұрғын үй шаруашылығы | 6 406 444 |

| | | | | |
|-------------------|---|--|---|---------------|
| | 487 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 1 487 407 |
| | 053 | | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 1 487 407 |
| | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 4 919 037 |
| | 003 | | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 4 919 037 |
| Санаты | | | | |
| | Сыныбы | | | Сомасы |
| | Ішкі сыныбы | | | |
| | Ерекшелігі | | | |
| | Атауы | | | |
| 5 | Бюджеттік кредиттерді өтеу | | | |
| | 01 | Бюджеттік кредиттерді өтеу | | 0 |
| | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | | 0 |
| | | 4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | | 0 |
| | | Қаржы активтерін сатып алу | | 0 |
| Санаты | | | | |
| | Сыныбы | | | Сомасы |
| | Ішкі сыныбы | | | |
| | Ерекшелігі | | | |
| | Атауы | | | |
| 6 | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | | | |
| | 01 | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | | 0 |
| | 1 | Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер | | 0 |
| | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | | -7 559 579 |
| | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | | 7 559 579 |
| Санаты | | | | |
| | Сыныбы | | | Сомасы |
| | Ішкі сыныбы | | | |
| | Ерекшелігі | | | |
| | Атауы | | | |
| 7 | Қарыздар түсімі | | | |
| | 01 | Мемлекеттік ішкі қарыздар | | 6 406 444 |
| | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | | 6 406 444 |
| | 03 | Ауданның (облыстық маңызы бар қала) жергілікті атқарушы органы алатын қарызы | | 6 406 444 |
| Функционалдық топ | | | | |

| | | | |
|--------|-----|--|--------------|
| | | Функционалдық кіші топ | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Сомасы |
| | | Бюджеттік бағдарлама | |
| | | Кіші бағдарлама | |
| | | Атауы | |
| 16 | | Қарыздарды өтеу | 1 375 221 |
| | 01 | Қарыздарды өтеу | 1 375 221 |
| | 452 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 1 375 221 |
| | 008 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 1 375 221 |
| Санаты | | | |
| | | Сыныбы | Сомасы |
| | | Ішкі сыныбы | |
| | | Ерекшелігі | |
| | | Атауы | |
| 8 | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 2 528 356 |
| | 01 | Бюджет қаражаты қалдықтары | 2 528 356 |
| | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 2 528 356 |
| | 01 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 2 528 356 |

Орал қалалық мәслихатының
2017 жылғы 15 желтоқсандағы
№17-3 шешіміне
2-қосымша

2019 жылға арналған қалалық бюджет

мың теңге

| | | | |
|--------|----|-------------------|---------------|
| Санаты | | | |
| | | Сыныбы | Сомасы |
| | | Ішкі сыныбы | |
| | | Ерекшелігі | |
| | | Атауы | |
| | | 1) Кірістер | 21 121 988 |
| 1 | | Салықтық түсімдер | 20 524 671 |
| | 01 | Табыс салығы | 8 547 080 |

| | | | |
|----|----|--|-----------|
| | 2 | Жеке табыс салығы | 8 547 080 |
| 03 | | Әлеуметтік салық | 6 984 215 |
| | 1 | Әлеуметтік салық | 6 984 215 |
| 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 3 159 015 |
| | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 2 052 000 |
| | 3 | Жер салығы | 146 052 |
| | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 960 276 |
| | 5 | Бірыңғай жер салығы | 687 |
| 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1 235 501 |
| | 2 | Акциздер | 236 316 |
| | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 96 676 |
| | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 856 761 |
| | 5 | Ойын бизнесіне салық | 45 748 |
